

**«Кім болам? Қандай болам? » республикалық шығармашылық  
қашықтықтан өткізу байқауы**

Облыс	Қарағанды облысы
Қала	Қарағанды қаласы
Білім беру ұйымының аталуы	Қарағанды гуманитарлық колледжі, «Бастауыш білім беру» бөлімі. 1-курс
Байқау, номинация, жұмыстың аталуы	«Кім болам? Қандай болам? » республикалық шығармашылық қашықтықтан өткізу байқауы. «Не маңыздырақ? Кім ба, әлде қандай маман болу ма?» (эссе)
Автордың аты-жөні	Аширбекова Бұлбұл Қазкенқызы
Электронды почта	<a href="mailto:mukhanovagt@mail.ru">mukhanovagt@mail.ru</a>
Байланыс телефоны	87713366395
Жетекшінің аты-жөні, тегі	Муханова Гүлден Тұңғышбайқызы
Жетекшінің лауазымы,	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, Қарағанды гуманитарлық колледжі
Электронды почта	<a href="mailto:mukhanovagt@mail.ru">mukhanovagt@mail.ru</a>
Байланыс телефоны	87052510492

## Эссе

Не маңыздырақ? Кім болу ма, әлде қандай маман болу ма?

Иә, кейінгі дамыған өркениет заманында қандай маман болу, қандай мамандықты таңдау керек деген сауалдар болашаққа қадам басқан әрбір азаматтың, тіпті, оның ата-анасы мен мектеп мұғалімдерінің де алдында тұрған көкейкесті мәселеге айналғаны рас. Бірақ, өкінішке орай, мамандық таңдауда әрбір жеке адамның мінез-құлқындағы ерекшелігі мен икемділігі, жүрек қалауы мен табиғи болмысы, өзіндік мені мен таңдауы ескерілмей жатқаны да айғақ. Кейде бірнеше мамандық иесі бола тұра, қарапайым ғана адами құндылықтардан ада, мәдениеті мен тәрбиесі саяз, жан-дүниесі кедей жандарды көргенде, еріксіз жерге қарап, ойға қаласың. Сонда адам болып қалу маңыздырақ па, әлде лауазым мен шенге масаттанған, көкірек көзі тұманданған, өзімшіл, қайырсыз пендеге айналу қажет пе деген сұрақтар мазалайды. Әрине, көпке топырақ шашуға болмайды, дегенмен бірнеше мамандық игерген «оқымысты» жандардан, оқымаса да, тоқығаны көп, лауазымынан сыйы мен құрметі жоғары, әр ісі мен сөзі сәйкес келіп, көпке үлгі болып жатқан жандар қашан да арамызда көптеп кездеседі. Соған карағанда, маңыздысы қандай маман болу емес, қандай адам болу керек сияқты. Ұлы ақын А.Құнанбаевтың «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» дегені алдымен жақсы адам бол, жүрегің мейірім мен шуаққа толы болсын, жақсылық жаса, адал да әділ бол деп меңзегені емес пе?! Қайрат пен ақылды жүрекке бағындырып, адамгершілік пен ізгілікті бәріне бас қылған Абай атамыз бүгінгі күні кейбір «жандарға» қарап не дер еді?! Мен, әрине, білім мен біліктілікті, іскерлік пен кәсібилікті жоққа шығармаймын, алайда, ең бірінші орында адамның адамшылығы, рухани жан-дүниесінің байлығы, өнегелі тәрбиесі тұру қажет.

Иә, маман иесі болу – зор жауапкершілік пен дайындықты талап ететін әрі өмір сүру көзі болып табылатын еңбек қызметінің маңызды бір бөлігі. «Еңбексіз күнің жоқ» деген халық даналығы – өмірдің қағидасы. Сондықтан мамандыққа сүйіспеншілік пен еңбексүйгіштік, жауапкершілік пен адалдық сынды ұғымдар бір арнада тоғысқанда ғана өз нәтижесін бермек. Бұл қағида қай уақытта болсын, қай заманда болсын өз мәнін жоймақ емес. XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов мамандық жайы былай деген болатын: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ, әр өнер, әр қызмет

мемлекетке, әлеуметке қажет». Иә, алаш азаматының бұл сөздері бүгінде Елбасымыздың Еңбек қоғамын құру жайлы бастамасымен ұласып жатыр емес пе? «Білекке сенер заманда, ешкімге есе бермедік, білімге сенер заманда, қапы қалып жүрмелік» деген бабалар сөзі қазіргі жастарға арналғандай. Ол үшін қандай мамандықты игерсек те, қай салада жұмыс істесек те, Адам деген ардақты атқа лайық болып, еліміздің дамуы мен өркендеуіне үлес қосатын тұлға болу – біз үшін үлкен міндет.

Кім болу маңызды емес, маңыздысы сол мамандыққа сай Адам болу.